

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Қостанай қ.

«31» желтоқсан 2025 жыл

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бекіткен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау (бұдан әрі – талдау) объектісі Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметі болып табылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ (бұдан әрі - №17 жалпы білім беретін мектеп) қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында 2025 жылдың 4 тоқсаны үшін 2025 жылғы 19 желтоқсанның бастап 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 19.12.2025 жылғы №492 мектеп директорының бұйрығы шығарылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі-2025 жылдың 3 тоқсаны.

Талдау жүргізудің мақсаттары мен міндеттері

Талдаудың мақсаты Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және оны жою болып табылады.

Талдаудың міндеті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ қызметіндегі салдарын жою болып табылады.

Талдау барысында пайдаланылған ақпарат көздері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қағидаларының 15 тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін ақпарат көздері:

1. Талдау объектісінің қызметін реттейтін құқықтық актілер және ішкі құжаттар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда 2022 жылғы 19 қыркүйектегі жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен қабылданды.);
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (06.05.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
3. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген.
4. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы (01.01.2020 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)
5. «Жалпы білім беретін мектептерде білімалушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (24.04. 2020ж. №158) (28.04.2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулар 12.04.2023жылғы № 95 бұйрық).
6. «Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары (24.04. 2020ж. №158) (28.04.2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулар 12.04.2023жылғы № 95 бұйрық).
7. Мектептің 13.01.2023 жылғы жарғысы.
8. Мектептің даму бағдарламасы.
9. №13331 ИНВ тіркелген жылжымайтын мүлік объектілеріне техникалық паспорт (Ф-2). Кадастрлық нөмір және 12:193: 015: 992: 1
10. Санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды № Р.17.X.KZ91VWF0097751
11. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ заңды тұлғасын мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама БСН96124000197
12. 15.03.2021 жылғы лицензия
13. 28.08.2024 жылғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт
14. 12.07.2023 жылғы террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалуының төлқұжаты.

2. Талдау объектісінің қызметі туралы статистикалық есептілік:

1. Бухгалтерияның статистикалық есептері (тоқсандық, жартыжылдық, жылдық).
2. Оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп жұмысын талдау.
3. «Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өндеудің бірыңғай платформасы», «Sakura ақпараттық жүйесі», «ҰБДҚ базасын жүргізудің есептілігі мен жүйелілігі», «ҚР БҒМ автоматтандырылған жұмыс орны» ақпараттық жүйесінің (ҚР БҒМ АЖО) есептілігін талдау
4. Ай сайын 30 күні мемлекеттік қызмет көрсету бойынша стат-есеп тапсырылады («Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдамалар беру», «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»)

3. Талдау объектісіне қатысты бұрын мемлекеттік органдар жүргізген тексерулердің нәтижелері:

2025 жылдың 4 тоқсаны ішінде мемлекеттік органдармен тексерулер болған жоқ.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері:

2025 жылдың 4 тоқсаны ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және педагогикалық әдеп ережелерін бұзу фактілері тіркелген жоқ.

5. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар

Мектеп сайтында «Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Педагогикалық әдеп. Пед.әдеп жөніндегі кеңес» бөлімдердегі материалдар жүйелі түрде жаңартылып отырады. Сондай-ақ, мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша стендтер, «Адал Ұрпақ» ерікті клубы, мемлекеттік қызметтер бойынша ақпараттық стенд жаңартылды.

6. Талдау объектісіне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

«Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы», «Sakura ақпараттық жүйесі», «ҰБДҚ базасын жүргізудің есептілігі мен жүйелілігі», «ҚР БҒМ автоматтандырылған жұмыс орны» ақпараттық жүйесінің (ҚР БҒМ АЖО) есептілігін талдау

7. Талдау объектісінің лауазымды адамдарын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін, оның ішінде қылмыстық құқық бұзушылық пен заңның басқа да бұзушылықтарын жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсынғаны үшін жауапқа тарту туралы мәліметтер:

2025 жылдың 4 тоқсаны ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және педагогикалық әдеп ережелерін бұзу фактілері тіркелген жоқ.

8. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бұрын жүргізілген ішкі талдау нәтижелері:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

9. Талдау объектісі қызметкерлерінің, жұмыскерлердің сауалнамасының нәтижелері:

Оқу жылы ішінде мектеп қызметкерлеріне, педагогикалық ұжымға, 7-11 сынып оқушыларына және олардың ата-аналарына мектепте сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау бойынша сауалнама жүргізілді.

27.09.2025 жылы педагогикалық кеңестің шешімімен бұйрықтар жаңартылды:

А) «Пед.әдеп жөніндегі кеңестің» құрамы бойынша-27.08.2025 жылғы № 438,

Б) «Мектепте ақша қаражатын жинауға жол бермеу туралы» - 27.08.2025 жылғы №436;

В) «Адал Ұрпақ» ерікті клубының қызметі туралы-27.08.2025 жылғы № 430;

Г) «Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау туралы» - 27.09.2024 жылғы № 540;

Д) «Қостанай қаласының білім беру ұйымы қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі дербес жауапкершілігін жүктеу туралы» - 27.09.2024 жылғы № 541

I. Нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Нормативтік базада және ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

II. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

2.1. Мемлекеттік қызмет көрсету

«Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызметті ұйымдастыру туралы» 12.09.2025 ж. №533 бұйрығына сәйкес мектеп қызметкерлері арасынан көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері бойынша жауапты тұлғалар тағайындалды.

1.«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» (1-10 сыныптар) мемлекеттік көрсетілетін қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 маусымдағы № 264, 9-2т. бұйрығына сәйкес бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына түсетін баланың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірі мен 31 тамыз аралығында жүргізіледі.

- Ай сайын 30 күні білім беру ұйымдарына мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қабылдау есебі тапсырылады .

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 31-бабына сәйкес, 1-сыныпқа оқуға алты жастан бастап (яғни, 1 қыркүйекке дейін алты жасқа толған балалар) балалар қабылданады. Ағымдағы күнтізбелік жылы 1 қыркүйектен 31 желтоқсанға дейін алты жасқа толатын балалар ата-анасының қалауы бойынша бірінші сыныпқа бара алады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес). 2024–2025 оқу жылынан бастап мемлекеттік қызмет көрсету процесі автоматтандырылып, egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық форматта жүзеге асырылады.

- Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі әкімшіліктің ерекше бақылауында. Сондай-ақ, бұл мәселе жоспарға сәйкес мектепшілік бақылауда қарастырылады.

Мектептің бірінші қабатында фойеде кадамдық нұсқаулықпен өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар:«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау»

2.«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі. ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 маусымдағы №264, 2013 жылғы 15 сәуірдегі №564 қабылдаудың үлгілік қағидаларына енгізген өзгерістерін ескере отырып, онда мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі айқындалған. Мемлекеттік қызмет 1) «электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі-портал); 2) қызмет беруші арқылы көрсетіледі. 2025 жылғы 01 қазан мен 31 желтоқсан аралығында бұл мемлекеттік қызметті 10 көрсетілетін қызметті алушы пайдаланды.

Осы кезеңде «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 ЖББМ» КММ – де бас тартулар жоқ.

3.«Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі ҚР БҒМ 2020.05.27 №223 «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін психологиялық-педагогикалық қолдау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет egov.kz платформасы арқылы көрсетіледі. 2025 жылдың 01 қазанынан бастап 31 желтоқсанына дейін бұл мемлекеттік қызмет пайдаланылмады.

Ата-аналар жұртшылығына көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты түсіндіру мақсатында "Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі" КММ сайтында электрондық түрде білім беру саласының қызметтерін алу мүмкіндігі туралы материал орналастырылды. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің ұлғаюына жол бермеу мақсатында күн сайын «электронды үкімет» порталы қадағаланады.

Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы мектептің бірінші қабатында орналасқан, мемлекеттік қызмет көрсету үшін орын жабдықталған. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша материалдар (тіркеу журналы, қолхаттар) , мемлекеттік қызмет көрсету бойынша есепті ақпарат сақталады.

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар жоқ.

4.«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызметі "

«Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет көрсету "Мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрыққа сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығы жүзеге асырылады. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелді.

2025 жылғы 01 қазан мен 31 желтоқсан айларындағы мәлімет бойынша egov.kz электронды үкімет арқылы келіп түскен өтініш саны - 0.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу мен шағымдар жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі әкімшіліктің ерекше бақылауында.

Мектептің сайтында "Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" туралы нұсқаулық, заңнама орналастырылған.
<https://school17kst.edu.kz/kz/>

5-7. Мемлекеттік қызметтер.

Әлеуметтік педагогтер 3 мемлекеттік қызмет көрсету ережелеріне сүйенеді:

- «мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру»

- «жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну»)

- «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету»

-Ай сайын 30 күні мемлекеттік қызмет көрсету бойынша статистикалық есеп тапсырылады («мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру», «жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну», «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету»)

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесі әкімшіліктің тұрақты бақылауында тұр. Сондай – ақ бұл сұрақ жоспарға сәйкес мектепішілік бақылауда қаралады.

- 2025 жылғы 27 қазанда «Әлеуметтік педагогтердің Мемлекеттік қызмет көрсету және қолайсыз отбасылармен жұмыс жөніндегі қызметі» туралы мәселе қаралды.

- Мектеп сайтына Мемлекеттік қызметтер тіркелген:

«Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру», «жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну», «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету».

Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсету ережелері туралы акпарат бірінші қабаттағы мектеп фойесіндегі стендте бар.

Мектептің бірінші қабатында фойеде қадамдық нұсқаулықпен өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы бар: «мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру», «жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну», «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету»)

- Төртінші тоқсан кезеңінде (2025 жылғы қазан-желтоқсан) – жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметі бойынша қызмет көрсетілмеді. Аталған қызметтер "SAKURA" арқылы көрсетіледі.

«Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру» қызметі сәуір-маусым аралығындағы кезеңде көрсетіледі.

Қаржылық көмекті көрсету жылына бір рет көрсетілетіндіктен төртінші тоқсанда "мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету" мемлекеттік қызметі көрсетілген жоқ. (көктемде – наурыз, мамыр кезеңі). Осы қызмет қағаз түрінде көрсетіледі.

8. «Педагогтерді аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметі ҚР БҒМ 27.01.2016 №83 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім

беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын және арнаулы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді және білім және ғылым саласындағы өзге де азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (25.02.2025ж № 32 өзгерістермен) бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

2025 жылғы 01 қазан мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде мемлекеттік қызмет көрсетілмеді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.2. Кадр саясаты.

Қызметкерлерді басқару, оның ішінде кадрлардың ауысуы.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де тізімдік құрамның жалпы саны 149 адамды құрайды, оның ішінде 109 мұғалім, 40 техникалық және қызмет көрсетуші персонал. Педагогикалық ұжымда зейнеткерлік жастағы 5 педагог қызмет атқарады (Рахимжанова Б.Е., Кузбаева Г., Сейдалиева Н.С., Султангазина Ж.Ж., Рябуха Е.В.). Ұлттық құрамы бойынша 72,5 % - қазақ, 27,5 % - басқа ұлт өкілдері.

Қызметкерлерді басқару мәселесі бойынша талдау барысында 2025 жылғы 01 қазан мен 31 желтоқсан аралығында педагогикалық ұжыммен 2 еңбек шарты бұзылғаны және 3 мұғалім жұмысқа қабылданғаны анықталды. Техникалық қызметкерлермен 1 еңбек шарты жасалды, қызметкерлердің бастамасы бойынша 1 еңбек шарты бұзылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

Тәртіптік практика.

2025 жылғы 01 қазан мен 31 желтоқсан кезеңінде қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылмады.

Қызметкерлермен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі(Педагогикалық әдеп ережелері) бұзылған жоқ.

Қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдады.

Еңбек тәртібі бұзылған жоқ.

Бұқаралық ақпарат құралдарында қызметкерлерге теріс ақпарат орналастырылған жоқ.

Мүдделер қақтығысы

ТАӘ	ЛАУАЗЫМЫ	ТУЫСТЫҚ ТҮРІ	ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНУ (ИӘ / ЖОҚ)	КІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ
------------	-----------------	-------------------------	--	-----------------------------

1	Шинбулатова Канзада Бектыбаевна	директор	0	0	0
---	---------------------------------------	----------	---	---	---

Мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау барысында мүдделер қақтығысы жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

Қаржы-шаруашылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі" КММ 2025 жылғы 4-тоқсанда:

1. "Бір көзден тікелей шарт жасасу жолымен", "Баға ұсыныстарын сұрату", "Электрондық дүкен", "Ашық конкурс" тәсілімен барлық мемлекеттік сатып алулар "Мемлекеттік сатып алу туралы" 2024 жылғы 01 шілдедегі №106-VIII Қазақстан Республикасының Заңына (01.01.2025 ж. бастап) сәйкес өткізілді.

2. Барлық қызметтер мен тауарлар мерзімінде және заңға сәйкес сатып алынды.

3. Барлық мемлекеттік сатып алулар шарттың талаптарына сәйкес мерзімінде жеткізілді және орындалды.

4. Барлық қызметтер мен тауарлар Мемлекеттік сатып алу порталында сатып алынды.

5. Барлық мемлекеттік сатып алулар бойынша уәкілетті орган тарапынан бұзушылық анықталған жоқ.

6. 2025 жылғы және 4-тоқсан үшін барлық шарттар орындалды.

7.Талдау объектісінің активтері мен мүлкін есепке алудың жеткіліксіздігі уәкілетті орган тарапынан бұзушылық анықталған жоқ.

8.Талдау объектісінің активтері мен мүлкін мүдделі тұлғалардың жеке мақсаттары үшін пайдалану анықталған жоқ.

9.Қаржы заңнамасын сақтамауды, яғни бұзушылықтарды уәкілетті органдар анықтаған жоқ.

«Мектепте ақша қаражатын жинауға жол бермеу туралы» 27.08.2025 жылғы №436 бұйрық ата-аналардың назарына жеткізілді (11.09.2025 жылғы №1 хаттама), мектеп оқушыларының, ата-аналарының және педагогтерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру жөніндегі ақпараттық стендтерде орналастырылды. Мектеп сайтында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша барлық материалдар (нормативтік-құқықтық актілер, мектеп бойынша бұйрықтар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт», «Пед.әдеп кодексі», Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу мәселелері бойынша директорлардың барлық кеңестерінің шешімдері мен орындалуы, т. б.) орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.3. Процестерді цифрландыру. Құжат айналымы

Құжаттаманы есепке алу

Елтаңбалық бланкілерді сақтау және есепке алу Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а.2014 жылғы 12 желтоқсандағы №519 «Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруді ұйымдастыру, оларды сақтау, есепке алу және беру және олармен негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету және олардың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп бойынша 2025 жылғы 28 тамызда № 462 «Қатаң есептіліктегі құжаттардың бланкілерін есепке алуға, сақтауға және беруге жауапты тұлғаны және қатаң есептіліктегі құжаттардың бланкілерін толтыру жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін комиссияны тағайындау туралы» бұйрық шығарылды.

Қатаң есептілік бланкілерін толтыру ҚР Білім және ғылым министрінің м. а. 2007 жылғы 21 қарашадағы №565 «Білім туралы құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес толтырылады:

- 1) негізгі орта мектепті бітіргені туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітабы;
- 2) жалпы орта білім туралы аттестаттарды есепке алу және беру кітабы ;
- 3) білім алушылардың үлгерім табельдерін есепке алу кітабы;
- 4) мақтау парақтары мен мақтау грамоталарын беруді есепке алу кітабы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.4. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау

Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы

2025 жылғы 4 тоқсанды талдау

ай	Өтініштің түскен күні	Өтініш берушінің ТАӘ	Өтініш түрі	Өтініш берушінің мекенжайы	Өтініш берушінің сипаттамасы	Шешім	Өтінішті жабу күні
желтоқсан	05.12.2025ж	Джуспеков Амиргазы Куандыков ич	"Infinity Way" жауапкершілігі шектеулі серіктес	Алматы облысы, АҚШ.Алматы қ.пункті, Данченко к-сі/даңғылы,	" " 2025 жылғы № _____ шығыс хаты	Тыңдау жоқ, себебі өтініш берушінің пікірі қабылданды, өтініш беруші «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін	09.12.2025

			тігі	44 үй / корпус, 1 пәтер	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Қостанай қаласы білім бөлімінің №17 жалпы білім беретін мектебі" КММ басшысына Ниязова Хуршидам Абдуллаевнадан Құрметті Хуршидам Абдуллақызы! Осымен "Infinity Way" ЖШС сізге 06.05.2025 ж. №121 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша төлем мерзімдерін бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеу жөніндегі міндеттемені орындау кажеттігі туралы хабарлайды. Мемлекеттік сатып алу туралы Заңның және Шарттың 17-бабының 6- тармағына сәйкес жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші тараптар тауарды кабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде, яғни 22.06.2025 ж. кешіктірмей	мектебі» басшысының аты- жөнін дұрыс көрсетпеді қарауды тоқтату, себебі өтініш берушіден кері қайтарып алынды	
--	--	--	------	-------------------------------	---	--	--

					жүргізуі тиіс. 543 200.00 (бес жүз қырық үш мың екі жүз) теңге мөлшеріндегі берешектің негізгі сомасы нөл тиын Жеткізушінің есеп шотына 2025 жылғы "02" Шілдеде ғана алынды.		
желт оқса н	08.12. 2025ж	Абдиманап ов Ерлан Ауелбекул ы	"Daryn Ustaz" педагог тердің кәсіби біліктіл ігін арттыр у орталы ғы жауапк ершіліг і шектеу лі серікте стігі ұсыны м	Қазақстан обл., нас.пункт Алматы қаласы, ул./пр. Бөгенбай батыр, дом/корпус 150, кв. 109 кабинет, п. 2 кіреберіс	Оқу-ағарту Министрлігі, AMANAT партиясы, Daryn Ustaz бірлесе "Мұғалім AMANAT" конкурсын өткізетінін хабарлайды. Конкурс нәтижесінде 400 педагог Астанада өтетін оффлайн Хакатонға қатысады, 20 педагог Оңтүстік Кореяға жолдама алады. Ақпараттанд ыру хатын барша мектеп ұжымына таныстырып, курсқа тіркелуін камтамасыз ету сұралады және конкурста үздік жобалар күтеміз!	Сіздің хатыңыз бойынша "Мұғалім AMANAT" байқауын «Дарын ұстаз» орталығы Білім министрлігі мен AMANAT партиясымен бірлесіп өткізіп жатыр. Байқау педагогтардың жасанды интеллект бойынша дағдыларын арттыруға бағытталған және онлайн курс пен хакатонды қамтитын курстан біздің Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің № 17 жалпы білім беретін мектебі» педагогтары түгел 100% онлайн форматта өтті.	26.12.20 25ж.

«Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау мен өндеудің бірыңғай платформасы», «Sakura ақпараттық жүйесі», «ҰБДҚ базасын жүргізудің есептілігі мен жүйелілігі», «ҚР БҒМ автоматтандырылған жұмыс орны» ақпараттық жүйесі

(ҚР БҒМ АЖО) есептілігіне талдау уақтылы жүргізілуде, ескертулер мен бұзушылықтар жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.5. Ақпараттың ашықтығын қамтамасыз ету

Мекеме кәсіпорынның интернет-ресурстарында ақпарат орналастырады-мектеп сайты <https://mektep17.edugov.kz/ru/direktorru.html>, Instagram.

Мектеп сайтында «Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл», «сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Педагогикалық әдеп. Пед.әдеп жөніндегі кеңес». Сондай-ақ, мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша стендтер, "Адал Ұрпақ" ерікті клубы, мемлекеттік қызметтер бойынша ақпараттық стенд жаңартылды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл және жол бермеу мақсатында мектепте "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт" қабылданды.

Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында мектепте тарих пәнінің мұғалімі К. Н. Жуламанованың жетекшілігімен "Адал Ұрпақ" ерікті клубы жұмыс істейді.

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жұмыс мектепте бекітілген педагогикалық кеңестің 28.08.2023 жылғы «Біз жемқорлықсыз әлем үшін!» 2023-2026 жылдарға арналған мектеп ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепте оқушылардың, ата-аналардың және педагогикалық ұжымның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілікті» қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізіледі.

Педагогикалық ұжым мүшелерімен Әдеп кодексі, педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын сақтау бойынша қосымша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қосымша келесі мәселелер бойынша жұмыс жүргізілді:

- материалдық сыйақыны, кез келген бағалы сыйлықтарды немесе қызметтерді қабылдауға жол бермеу (бірінші қабаттың фойесіндегі ақпараттық стендте «Ақылды азамат» стендінде оқушылар мен ата-аналар, мұғалімдер үшін «заңды бұзбай мұғалімді қалай құттықтауға болады» жадынамасы ілінген. Сондай-ақ, осы стендте мектеп бойынша 27.08.2025 жылғы № 436 «ақша қаражатын жинауға жол бермеу туралы» бұйрық ілінген. Осы құжаттардың барлығымен барлық мұғалімдерге, мектеп қызметкерлеріне қол қою арқылы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

- белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы мектеп басшысына уақтылы хабарлау;

- алаяқтық фактілерін тиісті органдарға дереу хабарлау туралы.

Мектеп әкімшілігі келесі мәселелер бойынша уақтылы жұмыс жүргізеді:

- ҚСЖАЕК құқықтық жүйесінде жаңадан келген педагогтерді әкімшілік құқық бұзушылықтардың, соттылықтың болуына тексеру уақтылы жүзеге асырылады;

- ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы қатаң сақталады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және қоғамдық мониторинг нәтижелері.

2025 жылдың 4 тоқсаны ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және педагогтың әдеп ережелерін бұзу фактілері тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.7. бақылау және рұқсат беру функцияларын іске асыру.

«Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

№17 ЖББМ рұқсат беру функцияларын жүзеге асырмайды.

«Бақылау функцияларын іске асыру»

№17 ЖББМ бақылау функцияларын жүзеге асырмайды.

2.8. Сот практикасын талдау

Қостанай қаласының №17 ЖББМ (азаматтық-құқықтық сипаттағы) іс жүргізу практикасы қолданылмайды.

2025 жылдың 4 тоқсанында № 17 ЖББМ қызметкерлерінің қатысуымен сот процестері болған жоқ. 2025 жылдың 4 тоқсанында ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық және педагог этикасы ережелерін бұзу фактілері тіркелген жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.9. Қадағалау органдарын тексеру нәтижелері туралы мәліметтер.

2025 жылдың 4 тоқсаны ішінде мемлекеттік органдармен тексерулер болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.10. Фискалдық органдарды тексеру нәтижелері туралы мәліметтер.

2025 жылдың 4 тоқсанында ішінде фискалдық органдармен тексерулер болған жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

2.11. БАҚ және өзге де ақпарат көздерінің мониторингі

Мектеп сайтында «Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Педагогикалық әдеп. Пед.әдеп жөніндегі кеңес» бөлімдердегі материалдар жүйелі түрде жаңартылып отырады. Сондай-ақ, мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті

қалыптастыру бойынша стендтер, «Адал Ұрпақ» ерікті клубы, мемлекеттік қызметтер бойынша ақпараттық стенд жаңартылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері-жоқ

Негіздеме-жоқ

Жою бойынша ұсынымдар-жоқ

Қорытынды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша 2025 жылдың 4 тоқсанында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мектеп директоры:

Жұмыс тобының басшысы:



Шинбулатова К.Б.

Кузбаева Г.Е.